

## **Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 759 қаулысы.

"Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 14 қазандағы  
№ 759 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.02.2021 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты (бұдан әрі – қорғаныстық тапсырыс) қалыптастыру, орналастыру және орындау тәртібін айқындайды.

2. Қорғаныстық тапсырысты қалыптастыруды, орналастыруды, салааралық үйлестіруді және оның орындалуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **2-тарау. Қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру және орналастыру**

3. Қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру және орналастыру үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджетте көзделген, осы мақсаттарға белгіленген шығыстар шегінде жүргізіледі.

4. Қорғаныстық тапсырысты алушылар (бұдан әрі – алушылар) тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттаманы) (бұдан әрі – техникалық тапсырма) ұлттық стандарттарға сәйкес қалыптастырады.

Техникалық тапсырманы қалыптастыру кезінде сатып алынатын қорғаныстық тапсырыс өнімін жиынтықтау бойынша қосымша талаптарды қосуға жол беріледі.

Алушылар ұлттық стандарттар болмаған кезде қару-жарақты, әскери техниканы біріздендіру, стандарттау, жедел үйлестіру және олардың жаңа (тәжірибелік) үлгісін сатып алу мақсатында талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасын көрсетіп, сатып алуға ұсынылатын әскери мақсаттағы тауарға (өнімге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарға (өнімге), әскери мақсаттағы жұмысқа және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметке (бұдан әрі – қорғаныстық тапсырыс өніміне) техникалық тапсырманы дербес қалыптастырады.

Ұлттық стандарттар болмаған кезде тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауды, патентті, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні, тауарды шығарған елдің атауын және өндірушінің атауын көрсетуге жол беріледі.

Алушы заттай мүлік бойынша техникалық тапсырманы жасау кезінде арнайы мақсаттағы бөлімшелерге арналған заттай мүлікті қоспағанда, кемінде 30 % шикізаттың елішілік құндылығына қойылатын талапты көздейді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Алушылар қаржы жылының алдындағы жылғы 1 желтоқсанның кешіктірмей, қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделгенде (бұдан әрі – қаражат уәкілетті органда болғанда) уәкілетті органға сатып алуға жоспарланған қорғаныстық тапсырыс өнімінің саны (көлемі) және жеткізу орны туралы мәліметтер көрсетілген тиісті жоспарлы кезеңге арналған қажетті қорғаныстық тапсырыс өніміне бекітілген техникалық тапсырманы қағаз және электрондық түрде қоса беріп, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім жібереді. Бұл ретте тиісті жоспарлы кезеңге дейін екі жыл қаржы жылының алдындағы кезең болып табылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 5 қаңтарына дейінгі мерзімде техникалық тапсырманы қызмет бағыттары бойынша мемлекеттік қорғаныстық

тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарды (өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарды (өнімді) отандық өндірушілердің және әскери мақсаттағы жұмыс пен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметті отандық берушілердің тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізілген отандық тауар өндірушілерге, отандық берушілерге және уәкілетті ұйымға жібереді.

Бұл ретте тиісті жоспарлы кезеңнің алдындағы жыл ағымдағы қаржы жылы болып табылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Алушылар ағымдағы қаржы жылының 5 қаңтарына дейінгі мерзімде қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты алушылардың бюджетінде көзделгенде (бұдан әрі – қаражат алушыларда болғанда) техникалық тапсырманы қызмет бағыттары бойынша тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілерге, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілерге және уәкілетті ұйымға өзі жібереді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Уәкілетті ұйым техникалық тапсырманы алған сәттен бастап алушылардың өкілдерін тарта отырып, техникалық тапсырмаларды шетелдік өндірушілермен пысықтау бойынша рәсімдерді жүргізеді.

9. Тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер және уәкілетті ұйым ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейінгі мерзімде уәкілетті органға немесе қаражат алушыда болғанда алушыларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 қазандағы № 772 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын қағидаларына (бұдан әрі – Баға белгілеу қағидалары) сәйкес жоспарлы калькуляцияны ұсынады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 1 сәуіріне дейінгі мерзімде алушыға қаражат уәкілетті органда болғанда жоспарлы калькуляциясы ұсынылмаған іс-шаралар тізбесін, сондай-ақ тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер және уәкілетті ұйым ұсынған қорғаныстық тапсырыс өніміне ең төмен баға ұсыныстарын жібереді.

Жоспарлы калькуляция ұсынылмаған іс-шаралар мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес сатып алынады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Алушы ағымдағы қаржы жылының 1 мамырына дейінгі мерзімде қаражат уәкілетті органда болғанда ұсынылған бағаға сәйкес уәкілетті органның атына бұрын тиісті жоспарлы кезеңге арналған қорғаныстық тапсырыста бекітілген сома шегінде тиісті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімге енгізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақтыланған өтінімді ұсынады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Ағымдағы қаржы жылындағы 15 мамырға дейінгі мерзімде қаражат уәкілетті органда болғанда уәкілетті орган және қаражат алушыларда болғанда алушылар бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

13. Уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 1 маусымына дейінгі мерзімде қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды жүзеге асыру мақсатында техникалық тапсырманы қызмет бағыттары бойынша тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілерге, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілерге және уәкілетті ұйымға жібереді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Алушылар ағымдағы қаржы жылының 1 маусымына дейінгі мерзімде қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды жүзеге асыру мақсатында қаражат алушыларда болғанда техникалық тапсырманы қызмет бағыттары бойынша тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілерге, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілерге және уәкілетті ұйымға жібереді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілер, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер және уәкілетті ұйым ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне дейінгі мерзімде орындаушыны таңдау мақсатында уәкілетті органның немесе қаражат алушыларда болғанда, алушылардың атына Баға белгілеу қағидаларына сәйкес конкурстық құжаттаманы – жоспарлы калькуляцияны ұсынады.

Тізілімге енгізілген, заттай және арнаулы мүлікті, жеке қорғану құралдарын өндіруге маманданатын отандық тауар өндірушілер, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер өнімнің техникалық тапсырманың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру үшін ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне дейінгі мерзімде алушылардың атына пайдаланылатын шикізаттың сапасын растайтын құжаттармен қоса мәлімделетін өнімнің үлгілерін ұсынады.

Мәлімделетін өнімнің үлгілері осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда тіркеледі.

Тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілердің, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің жоспарлы калькуляцияны ұсынуы олардың келіскенін және техникалық тапсырмада көзделген шарттарды сақтап, қорғаныстық тапсырыс өнімін жеткізуді жүзеге асыру мүмкіндігін растау болып табылады.

Жоспарлы калькуляцияны ұсынған кезде баламалы техникалық тапсырмаларды ұсынуға тыйым салынады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16. Қаражат уәкілетті органда болғанда, орындаушыны таңдау мақсатында уәкілетті органның конкурстық комиссиясы (комиссиялары) (бұдан әрі – орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия) құрылады.

Орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссияға қызмет бағыты бойынша алушының арнайы білімі бар өкілдері (мамандары) енгізіледі.

Заттай және арнайы мүліктің, жеке қорғану құралдарының үлгілерін бекіту және олардың техникалық тапсырманың талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында алушының өкілдері қатарынан комиссия құрылады.

Заттай және арнайы мүліктің, жеке қорғану құралдарының үлгілерін бекіту жөніндегі комиссия (комиссиялар) құрамын және оның жұмыс тәртібін алушы айқындайды.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Шешім дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған кезде алушының өкілі дауыс берген шешім қабылданады.

18. Орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия (комиссиялар) құрамын және жұмыс тәртібін уәкілетті орган айқындайды, ал оның қызметі бейне және аудиотіркеуді қолданып, жабық режимде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19. Қаражат алушыда болғанда алушылар орындаушыларды таңдау жөніндегі өз комиссиясын қалыптастырады. Шешім дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

20. Заттай және арнайы мүліктің, жеке қорғану құралдарының үлгілерін бекіту жөніндегі комиссия ағымдағы қаржы жылының 15 тамызына дейінгі мерзімде заттай және арнайы мүліктің, жеке қорғану құралдарының үлгілерін бекітеді және олардың техникалық тапсырманың талаптарына сәйкестігін тексереді.

Комиссия ағымдағы қаржы жылының 1 тамызына дейінгі мерзімде заттай және арнайы мүлік, жеке қорғану құралдары үлгілерінің техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған кезде алушы анықталған сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы ұйымды жазбаша түрде хабардар етеді.

Ұйым хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде үлгілерді қоса беріп, алушыны анықталған кемшіліктердің жойылғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Комиссияның қарауы үшін пысықталған үлгілер белгіленген мерзімде ұсынылмаса, ұйым ұсынған жоспарлы калькуляция ашып қаралмайды.

Алушы ағымдағы қаржы жылының 20 тамызына дейінгі мерзімде қаражат уәкілетті органда болғанда, уәкілетті органның атына үлгілерді бекіту туралы акт жібереді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

21. Уәкілетті орган және алушы ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесінен бастап 25 қыркүйегі аралығында қаражат алушыда болғанда орындаушыларды таңдау бойынша рәсім жүргізеді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

22. Уәкілетті орган немесе қаражат алушыда болғанда, алушы тізілімге енгізілген ұйымдар қатарынан орындаушыларды таңдауды конкурстық негізде жүргізеді.

Заттай және арнаулы мүлік, жеке қорғану құралдары бойынша орындаушыларды таңдау үлгілерін заттай және арнаулы мүліктің, жеке қорғану құралдарының үлгілерін бекіту жөніндегі комиссия бекіткен тізілімге енгізілген ұйымдар арасынан жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдау рәсімін өткізген уақытта орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия отырысына конверттерді (баға ұсыныстарын) аудио-, бейнетіркеумен ашып қарау және комиссия мүшелері отырыс хаттамасына қол қойған кезде қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының конкурсқа қатысатын өкілдері қатысуға құқылы.

Орындаушыларды таңдау мақсатында жоспарлы калькуляцияны ұсынған ұйымдар күнін, уақытын және орнын көрсете отырып, орындаушыларды таңдаудың алдағы рәсімі туралы күнтізбелік 5 күн бұрын электрондық пошта арқылы хабардар етіледі.

Жоспарлы калькуляциясы бар конверттерді ашып қарауды орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия ұйымдарға хабарламада көрсетілген күні, уақытта және орында орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің қатысуымен жүргізеді.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеу қажет болған кезде қорғаныстық тапсырыстың нақты іс-шарасы шеңберінде тізілімге енгізілген ұйымда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстарды жүргізуге рұқсатының бар-жоғы ескеріледі.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23. Орындаушыны таңдау кезінде орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия ең төмен бағаны ұсынған ұйымға қатысты шешім қабылдайды.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

24. Егер орындаушыны таңдау кезінде бөлінген лимиттен аспайтын бір жоспарлы калькуляция ұсынылса, орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия осы ұйымды қорғаныстық тапсырысты орындаушы ретінде таңдауға қатысты шешім қабылдайды.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Егер екі және одан да көп ұйымның қорғаныстық тапсырыс өніміне жоспарлы калькуляциясы бірдей болған жағдайда осы қорғаныстық тапсырыс өнімі бойынша орындаушы қайта таңдалады.

Бұл ретте мәлімделген құнның төмендеуін ескеріп, жоспарлы калькуляция уәкілетті органның немесе алушының тиісті сұрау салуын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Осы іс-шара қорғаныстық тапсырыстың орындаушысы айқындалғанға дейін мәлімделген құнын төмендету арқылы жүргізіледі.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Жоспарлы калькуляция конвертте беріледі, ол орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия мүшелерінің қатысуымен ашылады.

Ұсынылған жоспарлы калькуляция осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда тіркеледі.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Қорғаныстық тапсырысты орындаушы болып танылған кәсіпорын шарт жасаудан және/немесе ұсынылған техникалық тапсырманы орындаудан бас тартқан кезде орындаушыларды таңдауға қатысқан және ең төмен баға ұсынған келесі ұйым орындаушы болып саналады.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28. Тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер арасында орындаушыны таңдау жасалмағанда қорғаныстық тапсырыстың осы өнімі бойынша орындаушы қайта таңдалады.

Бұл ретте жоспарлы калькуляция уәкілетті органның немесе алушының тиісті сұрау салуын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Егер орындаушыны қайта таңдау кезінде тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер арасында орындаушы анықталмаған жағдайда іс-шара уәкілетті ұйымның орындауына беріледі.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Орындаушыны таңдау нәтижесі туралы орындаушылар таңдаған ұйымдар қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдау хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде электрондық түрде хабардар етіледі.

Хабарламада таратылуы шектелген мәліметтер болған кезде хабарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтап, қағаз түрінде жіберіледі.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Уәкілетті ұйым қорғаныстық тапсырысты орындаудан бас тартқан жағдайда осы іс-шараға бөлінген ақша қаражатын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты түзету шеңберінде өзге іс-шараларға қайта бөлуге болады.

31. Осы Қағидалардың 15 – 30-тармақтарының қолданысы оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын қару-жарақты, әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу (бұдан әрі – жою) кезінде уәкілетті ұйымға қолданылмайды.

32. Айрықша жағдайларда кенеттен туындаған қауіптер пайда болған, төтенше жағдай туындаған, төтенше жағдай енгізілген кезде, мемлекетте қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз етумен байланысты міндеттерді шешу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жауынгерлік әзірлікте ұстау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің немесе Республикалық жедел штабының міндеттерін шешу мақсатында қаражат уәкілетті органда болғанда, уәкілетті орган және қаражат алушыларда болғанда, алушылар қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдау рәсімін қажеттігіне қарай жүргізеді.

Орындаушыны таңдау рәсімін жүргізу туралы шешімді орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия қабылдайды.

Бұл ретте жоспарлы калькуляция уәкілетті органның немесе алушының тиісті сұрау салуы алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

33. Алушы қаражат алушыда болғанда ағымдағы қаржы жылының 1 қазанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

34. Қорғаныстық тапсырыс жобасы алушылардың өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Заңға, осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, орталық атқарушы органдардың даму жоспарына, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың меморандумына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелеріне сәйкес қалыптастырылады.

Алушылардың өтінімін бірінші басшы немесе өтінімге қол қоюға уәкілетті адам бекітеді және уәкілетті органға жіберіледі.

Алушы уақтылы және/немесе сапала ұсынылмаған өтінім үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

35. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісілген қорғаныстық тапсырысты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысының жобасы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тиісті жоспарлы кезеңге арналған

республикалық бюджет туралы заңға қол қойылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының тиісті жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне келісуге енгізілгенге дейін оны Қазақстан Республикасындағы қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және ерекше тауарларды бақылау мәселелері жөніндегі кеңес міндет түрде қарайды.

Қорғаныстық тапсырысты нақтылау республикалық бюджет нақтыланған және (немесе) түзетілген жағдайда жүргізіледі.

Қорғаныстық тапсырысты уақтылы және (немесе) сапалы қалыптастырмағаны үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

36. Тиісті жоспарлы кезеңге арналған қорғаныстық тапсырысты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын алғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті орган және қаражат алушыларда болғанда алушылар қорғаныстық тапсырысты өздеріне қатысты бөлікте орындауға арналған тиісті шарттардың жобаларын жіберу арқылы оның тапсырмаларын тиісті орындаушыларға жеткізеді.

37. Алушылар тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне және/немесе республикалық бюджетті түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

38. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру Заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 7 қарашадағы № 829 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларымен айқындалады.

39. Осы Қағидалардың 4 - 38-тармақтарының талаптары арнаулы мемлекеттік органдарға қолданылмайды.

**3-тарау. Арнаулы мемлекеттік органдар үшін қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру және орналастыру ерекшеліктері**

40. Қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстарды және әскери мақсатта көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шешім қабылдаған кезде арнаулы мемлекеттік органдар мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа енгізуге жататын қорғаныстық тапсырыс өнімінің тізбесін өздерінің бюджеттік өтінімдерінің құрамында айқындайды.

40-1. Арнаулы мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті жоспарлы кезеңге арналған қорғаныстық тапсырыс өніміне бюджеттік өтінімді енгізеді.

**Ескерту. 3-тарау 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**41. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

42. Арнаулы мемлекеттік органдар орындаушыны таңдауды талап етілетін сападағы қорғаныстық тапсырыс өнімін неғұрлым тиімді экономикалық жағдайларда жеткізудің қажетті шарттарын қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне сүйене отырып жүргізеді.

43. Қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеу қажет болған кезде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) отандық өндірушілерде (бұдан әрі – отандық тауар өндіруші), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерде және/ немесе уәкілетті ұйымда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс жүргізуге рұқсатының болуы ескеріледі.

44. Арнаулы мемлекеттік органдар тиісті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімді қалыптастыру мақсатында ағымдағы қаржы жылының 5 қаңтарынан кешіктірмей техникалық тапсырманы отандық тауар өндірушілерге, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілерге және/немесе уәкілетті ұйымға Баға белгілеу қағидаларына сәйкес жоспарлы калькуляцияны ұсыну үшін жібереді.

**Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

44-1. Арнаулы мемлекеттік органдар ұлттық стандарттарға сәйкес техникалық тапсырманы қалыптастырады.

Техникалық тапсырманы қалыптастыру кезінде сатып алынатын қорғаныстық тапсырыстың өнімін жиынтықтау бойынша қосымша талаптарды енгізуге жол беріледі.

Алушылар ұлттық стандарттар болмаған кезде қару-жарақты, әскери техниканы біріздендіру, стандарттау, жедел үйлестіру және олардың жаңа (тәжірибелік) үлгілерін сатып алу мақсатында талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және

пайдалану сипаттамасын көрсетіп, сатып алуға ұсынылатын әскери мақсаттағы қорғаныстық тапсырыс өніміне техникалық тапсырманы өзі қалыптастырады.

Ұлттық стандарттар болмаған кезде тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауды, патентті, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауарды шығарған елдің атауын және өндірушінің атауын көрсетуге жол беріледі.

Арнаулы мемлекеттік органдар заттай мүлік бойынша техникалық тапсырманы жасау кезінде арнайы мақсаттағы бөлімшелерге арналған заттай мүлікті қоспағанда, кемінде 30 % шикізаттың елішілік құндылығына қойылатын талапты көздейді.

**Ескерту. 3-тарау 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

45. Отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер және/немесе уәкілетті ұйым ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейінгі мерзімде Баға белгілеу қағидаларына сәйкес арнаулы мемлекеттік органға жоспарлы калькуляцияны ұсынады.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. Арнаулы мемлекеттік органдар орындаушыларды таңдау мақсатында ағымдағы қаржы жылының 1 маусымынан кешіктірмей отандық тауар өндірушілерге және/немесе жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілерге және/немесе уәкілетті ұйымға қорғаныстық тапсырыс өнімін сатып алуға ниеті туралы сұрау салу жібереді.

Республикалық бюджет нақтыланған және/немесе түзетілген кезде өтінім республикалық бюджет комиссиясы отырысының хаттамасы бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

47. Сұрау салу мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) сатып алынатын қорғаныстық тапсырыс өнімінің атауы және техникалық тапсырмасы, стандарттары (олар болған жағдайда);

2) қорғаныстық тапсырыс өнімінің мөлшері және/немесе көлемі;

3) қорғаныстық тапсырыс өнімі жеткізілетін жер мен жеткізу талап етілетін мерзімдері;

4) берілетін қорғаныстық тапсырыс өніміне кепілдік мерзімі;

5) құны қорғаныстық тапсырыс өнімінің құнына қосылуға тиіс ілеспе жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

6) ақы төлеу шарттары, оның ішінде аванстық төлем мөлшері;

7) заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын сатып алу кезінде үлгілерді ұсыну қажеттілігі туралы талап.

**Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. Отандық тауар өндірушілердің, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілердің арнаулы мемлекеттік органдарға сұрау салуына жауап беруі ағымдағы қаржы жылының 1 тамызына дейінгі мерзімде мынадай құжаттарды:

1) заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің көшірмесі не бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсетілген мемлекеттік (есепке алу) тіркеу туралы анықтама көшірмесін;

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті түрде лицензиялауға жататын қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға құқық беретін лицензия және/немесе [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "Е-лицензиялау" веб-порталынан лицензия көшірмесін;

3) мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалатын қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа жататын мәліметтерді қорғау мақсатында пайдаланылатын өнімді, мәліметтері мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын өнімді қоспағанда, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сәйкестікті міндетті растау рәсіміне жататын өнім өндірушілер үшін – өнімнің техникалық регламентте, стандарт ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын, сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификатын немесе сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік туралы декларациясын;

4) ғылыми зерттеуді жүзеге асыру бөлігінде қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, қорғаныстық тапсырыс өнімін өндіру үшін қажетті меншік немесе жалдау құқығындағы өндірістік үй-жайлардың, білікті мамандардың, сондай-ақ меншік құқығындағы технологиялық жабдықтың болуы туралы куәландыратын құжатты;

5) салықтық берешектің, міндетті зейнетақы жарнасы және әлеуметтік аударым бойынша берешектің болмауы туралы куәландыратын құжатты;

6) қаржылық аудитті.

Қаржылық аудитке Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылғы аудиторлық жылдық есеп жатады;

7) Баға белгілеу қағидаларына сәйкес жоспарлы калькуляцияны;

8) техникалық тапсырманы қоса беріп жүзеге асырылады.

Заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын сатып алу кезінде үлгілер ұсынылады.

Мәлімделетін өнім үлгілері осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда тіркеледі.

Республикалық бюджет нақтыланған және/немесе түзетілген кезде арнаулы мемлекеттік органдарға отандық тауар өндірушілерден, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық жеткізушілерден сұрау салуға жауап сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Арнаулы мемлекеттік органдарға тізілімге енгізілген отандық тауар өндірушілерден , жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілерден сұрау салуға жауап ұсыну ағымдағы қаржы жылының 1 тамызына дейінгі мерзімде мынадай құжаттарды:

- 1) Баға белгілеу қағидаларына сәйкес жоспарлы калькуляцияны;
- 2) техникалық тапсырманы қоса беріп жүзеге асырылады.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

49. Қажет болған кезде отандық тауар өндіруші, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық беруші тактикалық-техникалық (техникалық) сипаттамасы сұрау салуда көрсетілгеннен де жақсы өнімді ұсынады.

**Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

49-1. Орындаушыны таңдау мақсатында орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия (комиссиялар) (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссияның шешімі қарапайым көпшілік дауыспен қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған кезде орындаушыларды таңдау жөніндегі комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

Комиссия (комиссиялар) құрамы арнаулы мемлекеттік орган бірінші басшысының бұйрығымен немесе бұйрықты шығаруға уәкілетті адам айқындайды.

Комиссияға қызмет бағыты бойынша арнайы танымы бар алушының мамандары енгізіледі.

**Ескерту. 3-тарау 49-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**50. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51. Орындаушыларды таңдау ең төмен баға және арнаулы мемлекеттік органдардың сұрау салуында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін қорғаныстық тапсырыс өнімін ұсынған отандық тауар өндірушілер, әскери мақсаттағы жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер қатарынан жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-1. Осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген құжаттар комиссия мүшелерінің қатысуымен ашылатын конвертте ұсынылады.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда тіркеледі.

Ескерту. 3-тарау 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-2. Егер орындаушыны таңдау кезінде комиссия бөлінген лимиттен аспайтын бір жоспарлы калькуляция ұсынылса, орындаушының осы ұйымды таңдауына қатысты шешім қабылдайды.

Ескерту. 3-тарау 51-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-3. Егер екі және одан да көп ұйымның қорғаныстық тапсырыс өніміне жоспарлы калькуляция бірдей болған жағдайда осы қорғаныстық тапсырыс өнімі бойынша орындаушы қайта таңдалады.

Бұл ретте мәлімделген құнның төмендеуін ескеріп, жоспарлы калькуляция арнаулы мемлекеттік органдардың тиісті сұрау салуын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Осы іс-шара қорғаныстық тапсырыстың орындаушысы анықталғанға дейін мәлімделген құнын төмендету арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 3-тарау 51-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-4. Орындаушыны таңдау өтпей қалса, орындаушы қайта таңдалады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ заттай және арнайы мүліктің, жеке қорғану құралдарының үлгілері арнаулы мемлекеттік органның тиісті сұрау салуын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Ескерту. 3-тарау 51-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-5. Қайта таңдау өтпей қалса, өнімді сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 3-тарау 51-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-6. Орындаушыны, ұйымды таңдау нәтижесі туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтап, орындаушыларды таңдау хаттамасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қағаз түрінде хабарланады.

Орындаушыны таңдау хаттамасы осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

**Ескерту. 3-тарау 51-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51-7. Орындаушы таныған ұйым шарт жасасудан бас тартқан кезде қорғаныстық тапсырыс өнімін сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту. 3-тарау 51-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51-8. Айрықша жағдайда арнаулы мемлекеттік органдар кенеттен қатер төнген, төтенше жағдай болған, төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің немесе Республикалық жедел штабтың міндеттерін шешу, мемлекетте қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз етумен байланысты міндеттерді шешу мақсатында қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдау рәсімін қажеттілігіне қарай жүргізеді.

Орындаушыны таңдау рәсімін жүргізу туралы шешімді комиссия қабылдайды.

Бұл ретте тиісті сұрау салуды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жоспарлы калькуляция ғана ұсынылады.

**Ескерту. 3-тарау 51-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

52. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің тақырыбын, орындаушыларын және құнын айқындау, сондай-ақ осы зерттеулерге сараптама жүргізу арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

53. Отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер қорғаныстық тапсырысты орындау мүмкін болмаған жағдайда олардың арнаулы мемлекеттік органдарға сұрау салуға жауап беруі ағымдағы қаржы жылының 20 маусымына дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджет нақтыланған және/немесе түзетілген кезде жауап сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

54. Уәкілетті ұйым ағымдағы қаржы жылының 10 шілдесіне дейінгі мерзімде қорғаныстық тапсырыстың тиісті өнімін жеткізу мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы жауапты, сондай-ақ оның болжамды бағасын ұсынады.

Республикалық бюджет нақтыланған және/немесе түзетілген кезде жауап сұрау салу алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

55. Егер уәкілетті ұйым көрсетілген мерзімде арнаулы мемлекеттік органдарға жауап бермеген не жауап сұрау салу талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті ұйымды қорғаныстық тапсырысты орындаушы ретінде таңдау мүмкін емес деп танылады.

Мұндай жағдайда қорғаныстық тапсырыс өнімін сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

55-1. Арнаулы мемлекеттік органдар ағымдағы қаржы жылының 25 қыркүйегіне дейін отандық тауар өндірушілер, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер және/немесе уәкілетті ұйым арасында қорғаныстық тапсырыс орындаушысын (бұдан әрі – орындаушы) таңдау жөніндегі рәсімді жүргізеді.

Бұл ретте ағымдағы қаржы жылы жоспарлы кезеңнің алдындағы жыл болып табылады.

Республикалық бюджетті нақтылау және/немесе түзету кезінде қорғаныстық тапсырыс орындаушысын таңдау хаттамасы арнаулы мемлекеттік органдардың отандық тауар өндірушілерден, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық жеткізушілерден және/немесе уәкілетті ұйымнан сұрау салуға жауап алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде ресімделеді.

**Ескерту. 3-тарау 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

56. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. Арнаулы мемлекеттік органдар ағымдағы қаржы жылының 1 қазаннан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

Арнаулы мемлекеттік органдар уәкілетті органға республикалық бюджет нақтыланған және/немесе түзетілген кезде тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне және/немесе республикалық бюджетті түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынады.

Арнаулы мемлекеттік органдар уақтылы және/немесе сапалы ұсынылмаған өтінім үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

59. Өтінімдер үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджетте көзделген бағдарламалар, кіші бағдарламалар бөлінісінде ұсынылады.

60. Өтінімді арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе өтінімге қол қоюға уәкілетті адам бекітеді.

#### **4-тарау. Тізілімді қалыптастыру, бекіту және жүргізу**

61. Тізілімді қалыптастыру, бекіту және жүргізу қорғаныстық тапсырысты қалыптастырудың және орналастырудың құрамдас бөлігі болып табылады және оны уәкілетті орган жүзеге асырады.

62. Тізілім осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

63. Осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келетін және осы Қағидалардың 68-тармағында көзделген құжаттардың толық жиынтығын ұсынған, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын отандық тауар өндірушілер, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер тізілімге енгізуге жатады.

64. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу отандық тауар өндірушілерді, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерді тізілімге енгізу және одан алып тастау, сондай-ақ олар туралы тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылады.

65. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу қызмет бағыттары бойынша отандық тауар өндірушілердің, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің тізілімге енгізу туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берген өтінімдері (бұдан әрі – өтінім) негізінде жүзеге асырылады.

66. Өтінімді отандық тауар өндірушілер мен жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық берушілер уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылы ішінде қызметтің тиісті бағыттары бойынша жыл сайын береді.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

67. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

68. Өтінімге мынадай құжаттар:

1) заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есепке алу) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі көшірмесі не бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсетілген мемлекеттік (есепке алу) тіркеу туралы анықтама көшірмесі;

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті түрде лицензиялауға жататын қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға құқық беретін лицензия және/немесе [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "Е-лицензиялау" веб-порталынан лицензия көшірмесі;

3) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сәйкестікті міндетті растау рәсіміне жататын өнім өндірушілер үшін өнімнің техникалық регламентте, стандарт ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификатын немесе сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік туралы декларациясы;

4) ғылыми зерттеуді жүзеге асыру бөлігінде қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, қорғаныстық тапсырыс өнімін өндіру үшін қажетті меншік немесе жалдау құқығындағы өндірістік үй-жайлардың, білікті мамандардың, сондай-ақ меншік құқығындағы технологиялық жабдықтың болуы туралы куәландыратын құжат;

5) салықтық берешектің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болмауы туралы куәландыратын құжат;

б) қаржылық аудит.

Қаржылық аудитке Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылғы аудиторлық жылдық есеп жатады;

7) қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеуге, өндіруге және жаңғыртуға арналған техникалық құжаттама қоса беріледі.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

69. Отандық тауар өндірушіде, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық жеткізушіде өндірістік қуаттың болуы индустриялық сертификатпен және/немесе аккредиттелген ұйымның қорытындысымен расталады.

Ұйымдарда әскери өкілдік болған жағдайда өндірістік қуаттың болуы әскери өкілдіктің қорытындысымен расталады.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

70. Осы Қағидалардың 68 – 69-тармақтарында көзделген өтінім мен құжаттар қағаз түрінде беріледі. Өтінімде заңды тұлғаның электрондық мекенжайы және байланыс телефондары (кемінде 3) көрсетіледі.

71. Өтінімді уәкілетті орган құратын комиссия (бұдан әрі – тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссия) қарайды.

72. Тізілімді қалыптастыру жөніндегі комиссияның құрамына уәкілетті органның лауазымды адамдары мен алушылар енгізіледі.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

73. Тізілімді қалыптастыру жөніндегі комиссия ұйымдарды тізілімге енгізу, ұйымдарды тізілімнен шығару немесе тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша отырысты тоқсанына екі реттен жиі емес өткізеді.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

74. Тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссияның қарапайым көпшілік дауыспен қабылданған хаттамалық шешімі тізілімге енгізу, одан алып тастау және оған өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

75. Тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссия осы Қағидалардың 68 – 69-тармақтарында көрсетілген құжаттардың сәйкес еместігін анықтаған жағдайда уәкілетті орган құжаттар қаралған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде отандық тауар өндірушіні, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушіні анықталған сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы хабардар етеді. Бұл ретте отандық тауар өндіруші, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық беруші хабарламаны алған күн деп электрондық түрде жолданған күннен кейінгі күн саналады.

76. Отандық тауар өндіруші, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық беруші хабардар етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, анықталған кемшіліктерді жойғаны туралы уәкілетті органды жазбаша хабар етеді.

77. Уәкілетті органды отандық тауар өндірушінің, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушінің бұзушылықтарды жоюы туралы хабардар ету тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссияға өтінімді қайта қарау үшін негіз болып саналады.

78. Уәкілетті орган өтінімдерді қарау мерзімі аяқталғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссияның шешімі негізінде тізілімді бекітеді немесе оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

79. Тізілімнен алып тастау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссия отырысы өткен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

80. Ұйымдар:

1) қорғаныстық тапсырыс өнімін өндіру үшін қажетті меншік құқығындағы өндірістік үй-жайлардың, меншік немесе жалдау құқығындағы технологиялық жабдықтың, білікті мамандардың болуы туралы ұйым ұсынған деректердің дұрыс еместігі анықталған, сондай-ақ осы деректер асыра көрсетілген;

2) тізілімнен алып тастау туралы заңды күшіне енген сот шешімі болған;

3) орындаушы өзі орындаушы болып анықталған іс-шара бойынша шарт жасасудан бас тартқан;

4) шарт міндеттемелерінде айқындалған форс-мажорлық себептерді қоспағанда, қорғаныстық тапсырыс орындалмаған (қорғаныстық тапсырысты орындау шарты бұзылған);

5) орындаушының кінәсі анықталған кезде наразылықта көрсетілген ақауды жоюдан бас тартқан;

6) егер бұл қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта көзделмесе, қорғаныстық тапсырысты орындауды өзге ұйымға толық беру анықталған;

7) құпия іс жүргізу режимі бұзылған жағдайда тізілімнен алынуға тиіс.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мән-жай, егер сот шешімінде өзгеше көрсетілмесе, ұйымды сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл мерзімге тізілімнен алуға әкеледі.

Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтар ұйымды Тізілімді қалыптастыру жөніндегі комиссия шешкен күннен бастап бір жыл мерзімге тізілімнен алуға әкеледі.

Қорғаныс тапсырысы өнімінің жалғыз өндірушісі болып табылатын ұйымдарды тізілімнен алу туралы шешімді тізілімді қалыптастыру жөніндегі комиссия анықталған бұзушылықтардың (екі және одан да көп) жүйелі, еңсерілмейтін күш мән-жайының болуын және қорғаныс тапсырысын алушылардың оларды тізілімнен шығарудың орындылығы туралы қорытындысын ескеріп қабылдайды.

**Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

81. Қорғаныстық тапсырыс өнімін өндіруге қажетті меншік немесе жалдау құқығындағы өндірістік үй-жайлардың, меншік құқығындағы технологиялық жабдықтардың, білікті мамандардың көлемінен және санынан айырылған және/немесе

олар азайған кезде тізілімге енгізілген ұйым күнтізбелік жиырма күн ішінде бұл туралы уәкілетті органды тиісті құжаттарды қоса беріп хабардар етеді.

Тізілімге енгізілген ұйым қорғаныстық тапсырыс өнімін өндіруге қажетті өндірістік , оның ішінде кемінде үш жыл мерзімге ұзақ мерзімді жалдау құқығындағы үй-жайлардың, меншік құқығындағы технологиялық жабдықтар мен білікті мамандар көлемінің және/немесе санының ұлғайғаны туралы уәкілетті органды өз қалауы бойынша хабардар етеді.

**Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

82. Құжаттарды қарау нәтижелері бойынша тізілім қалыптастыру жөніндегі комиссия мынадай:

- 1) тізілімге енгізу;
- 2) тізілімге енгізуден бас тарту;
- 3) тізілімнен алып тастау;
- 4) тізілімдегі ұйым туралы мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу не енгізбеу;
- 5) осы Қағидалардың 75-тармағына сәйкес құжаттарды толық пысықтауға жолдау жөніндегі шешімдердің бірін шығарады.

83. Уәкілетті орган тізілім бекітілген, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті ұйымдарға қатысты бөлікте олардың мекенжайына, сондай-ақ мүдделі алушыларға тізілімге енгізу не енгізуден бас тарту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлама жібереді. Бұл ретте отандық тауар өндіруші, жұмысты, көрсетілетін қызметті отандық беруші хабарламаны алған күн электрондық пошта арқылы жіберілген күннен кейінгі күн саналады.

**Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**84. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**85. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

86. Тізілімді қалыптастыру жөніндегі комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалады.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**5-тарау. Қорғаныстық тапсырысты орындау**

87. Қорғаныстық тапсырысты орындау уәкілетті орган немесе алушы және орындаушы арасында жасалған қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт негізінде жүзеге асырылады.

88. Қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттардың жобалары алушының немесе қаражат уәкілетті органда болғанда уәкілетті органның бірінші басшысы бекітетін қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған үлгілік шартқа сәйкес жасалады.

89. Қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған үлгілік шартта мынадай мәліметтер:

- 1) кіріспе;
- 2) шарттың мәні;
- 3) шарттың қолданылу мерзімі және/немесе шарттың жекелеген кезеңдерінің мерзімі;
- 4) шарттың және аванс болған жағдайда оның сомасы;
- 5) сапаны бақылау шарттары және әскери өкілдіктерге қорғаныстық тапсырыс өніміне нақты шығыстарды растайтын құжаттарды ұсыну тәртібі;
- 6) қабылдап алу шарттары, беру (орындау қызмет көрсету) орны мен мерзімдері;
- 7) тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) мөлшері;
- 8) шартты бұзу немесе тоқтату үшін негіздеме;
- 9) тараптардың жауапкершілігі;
- 10) қорғаныстық тапсырыс өнімін бергені үшін толық ақы төлеу шарттары;
- 11) Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу шарттары;
- 12) рекламация қою және қанағаттандыру шарттары;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуға тиіс.

90. Уәкілетті орган немесе алушы қорғаныстық тапсырысты орындаушыға қорғаныстық тапсырысты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті актісі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жібереді.

Қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа қорғаныстық тапсырысты орындаушы ол түскен күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қол қояды.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

91. Қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды әскери өкілдіктер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

92. Орындаушы ұйымдарда әскери өкілдіктер құрылмаған жағдайларда қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды қорғаныстық тапсырысты орындаушы жүзеге асырады.

Уәкілетті орган, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаныстық тапсырыс өнімі сапасының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартқа сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жіберуге құқылы.

93. Алушының өкілдері қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

94. Әскери өкілдіктің куәлігі қорғаныстық тапсырыс өнімінің сапасын растайтын құжат болып табылады.

### **6-тарау. Қорғаныстық тапсырыс шеңберінде бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда қорғаныстық тапсырысты орындау ерекшеліктері**

95. Қорғаныстық тапсырыс шеңберінде бюджет қаражаты уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда қорғаныстық тапсырысты орындау уәкілетті орган мен орындаушы арасында алушының пайдасына жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

96. Алушының пайдасына қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттардың жобалары уәкілетті органның бірінші басшысы бекітетін қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған үлгілік шартқа сәйкес үш данада жасалады.

97. Уәкілетті орган алушының пайдасына жасасатын қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттарда осы Қағидалардың 89-тармағында көзделген мәліметтерден басқа алушы туралы мәліметтер, сондай-ақ оның қорғаныстық тапсырыс өнімін қабылдап алумен байланысты міндеттемелері көрсетіледі.

98. Бақылау көлемін, сондай-ақ орындаушы ұйымдарда әскери өкілдіктердің бар-жоғын айқындау мақсатында уәкілетті орган қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт жобасын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Әскери өкілдіктер орталығына келісу үшін жолдайды.

Бұл ретте Министрліктің Әскери өкілдіктер орталығының шарт жобасын қарау мерзімі, шарт жобасы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

99. Уәкілетті орган алушының пайдасына жасасқан қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт шеңберінде берілетін қорғаныстық тапсырыс өнімінің сапасы шарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

100. Уәкілетті орган алушының пайдасына жасасқан қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды әскери өкіл Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

101. Орындаушы ұйымдарда әскери өкілдіктер құрылмаған жағдайларда уәкілетті орган қорғаныстық тапсырыс өнімі сапасының шарт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін оларға өз өкілдерін жіберуге құқылы.

102. Егер қорғаныстық тапсырыс өнімінің шарт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін сатып алынатын өнім саласында арнайы ілім, тәжірибе және біліктілік қажет болған жағдайда, уәкілетті орган мамандарды, оның ішінде пайдасына қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт жасалған алушының мамандарын тартады.

Алушының мамандарын тарту алушының келісімімен жүзеге асырылады.

Қорғаныстық тапсырыс өнімінің шарт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін алушының мамандарын іссапарға жіберу алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қорғаныстық тапсырыс өнімінің шарт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін алушының мамандарын тарту мақсатында уәкілетті орган тиісті алушының атына сұрау салу жолдайды.

103. Алушы сұрау салуды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның атына қорғаныстық тапсырыс өнімінің шарт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін тағайындалған өз өкілдері туралы мәліметтерді жібереді.

104. Алушы қорғаныстық тапсырыс өнімі берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны шартта көзделген құжаттардың негізінде атауы, саны, сапасы және/немесе жиынтығы бойынша қабылдап алады.

105. Қорғаныстық тапсырыс өнімін қабылдап алумен байланысты міндеттемелерді орындау үшін уәкілетті орган орындаушымен шарт жасасқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шарттың бір данасын алушының атына жібереді.

106. Қорғаныстық тапсырыс өнімін қабылдап алушы алушының ведомствосы ( пайдаланушы және/немесе сақтау қоймасы) болып табылған жағдайда мемлекеттік орган болып табылатын алушы шарттың көшірмесін тікелей алушының атына жолдайды және оның қорғаныстық тапсырыс өнімін қабылдап алу бөлігіндегі міндеттемелерді шарт талаптарына сәйкес орындауын қамтамасыз етеді.

107. Алушыға қорғаныстық тапсырыс өнімін беру үшін орындаушы қорғаныстық тапсырыс өнімін бергенге дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн қалғанда уәкілетті органды және алушыны өнім берудің жоспарлы күні туралы хабардар етеді.

108. Қорғаныстық тапсырыс өнімін берудің жоспарлы күні туралы орындаушының хабарламасы негізінде алушы мыналарды:

1) орындаушының, уәкілетті органның өкілдерін және әскери өкілдерді алушының аумағына кіргізуді;

2) техникалық тапсырма талаптарында және/немесе шарт талаптарында өзгеше айтылмаса, қорғаныстық тапсырыс өнімін қабылдап алу үшін қосымша жұмыстарды

орындау (қосымша қызметтер көрсету) қажет болған жағдайда осы жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін орын дайындауды;

3) техникалық тапсырма талаптарында және/немесе шарт талаптарында өзгеше айтылмаса, шарт талаптарына сәйкес қорғаныстық тапсырыс өнімін қабылдап алу үшін қорғаныстық тапсырыс өнімін тексеруді (сынаууды) жүзеге асыру қажет болған жағдайда тексеру (сынау) жүргізу үшін орын дайындауды;

4) техникалық тапсырма талаптарында және/немесе шарт талаптарында өзгеше айтылмаса, шарт талаптарына сәйкес қорғаныстық тапсырыс өнімін тиісті жабдықта (бақылау-тексеру аппаратурасында) тексеру көзделген жағдайда осы жабдықты (бақылау-тексеру аппаратурасын) дайындауды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте алушының жабдығы (бақылау-тексеру аппаратурасы) ақаусыз болуы, оны қорғаныстық тапсырыс өнімін тексеру үшін қолдануға болатынын растайтын тиісті құжаттамасы болуға тиіс.

109. Қабылдап алу нәтижелері бойынша қорғаныстық тапсырыс өнімі атауының, сапасының, санының және/немесе жиынтығының шарт талаптарына сәйкес келмеу фактісі расталған кезде алушы бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді, анықталған кемшіліктер туралы акт жасайды және оны орындаушыға береді.

110. Алушы анықтаған кемшіліктер туралы акт жасаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындаушы кемшіліктерді жоюды қамтамасыз етеді.

111. Егер орындаушы он жұмыс күні өткеннен кейін кемшіліктерді жоймаған жағдайда, алушы өнімді орындаушыға қайтаруды жүзеге асырады және уәкілетті органның атына тиісті хабарлама жібереді.

Қорғаныстық өнімді тасымалдауға және сақтауға байланысты одан арғы шығыстарды қорғаныстық тапсырысты орындаушы көтереді.

112. Егер қабылдап алу нәтижелері бойынша қорғаныстық тапсырыс өнімі атауының, санының, сапасының және/немесе жиынтығының шарт талаптарына сәйкестігі расталған жағдайда, алушы қорғаныстық тапсырыс өнімін шарт талаптарында көзделген құжаттарға қол қою арқылы қабылдайды.

113. Алушының пайдасына жасалған тауарды беру шарты бойынша төлемдерді жүзеге асырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган алушының атына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жауап хабарлама жібереді.

114. Алушы тауарды қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның атына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алынған құндылықтарды есепке алу туралы хабарлама жібереді.

115. Қорғаныстық тапсырысты орындау жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарт негізінде жүзеге асырылған жағдайда алушы уәкілетті органның шарттың бір данасы алынған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде

қару-жарақты, әскери техниканы және/немесе өзге де мүлікті (бұдан әрі – ҚӘТ) дайындауды және орындаушыға беруді қамтамасыз етеді.

116. Жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін ҚӘТ-ті қабылдап алу-беру нақты болуы және нақты жиынтықталуы бойынша жүзеге асырылады және алушы мен орындаушы өкілдерінің арасында қол қойылатын техникалық жай-күйі бойынша қабылдап алу-беру актісімен ресімделеді.

117. ҚӘТ-ті алушыдан жұмыстар орындалатын (қызметтерді көрсетілетін) жерге дейін тасымалдау, егер шартта өзгеше көзделмесе, алушының күші мен қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыстар орындалғаннан (қызметтер көрсетілгеннен) кейін ҚӘТ-ті алушыға дейін тасымалдау, егер шартта өзгеше көзделмесе, орындаушының күші мен қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда алушы тасымалдау процесінде ҚӘТ-ті алып жүруді қамтамасыз етеді.

118. Жұмыстар орындалғаннан (қызметтер көрсетілгеннен) кейін жеткізілген қорғаныстық тапсырыс өнімінің, оның ішінде ҚӘТ-тің сапасына қатысты қабылдап алу кезінде анықтау мүмкін болмаған кінәраттарды алушы орындаушыға кепілдік мерзімі ішінде ұсынады.

119. Егер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) нәтижелері бойынша ҚӘТ-тің баланстық құнын ұлғайту қажет болған жағдайда, алушы орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне және ҚӘТ-ті қабылдап алу-беру актісіне қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның атына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алынған құндылықтарды есепке алу туралы хабарлама жібереді.

120. Уәкілетті орган жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарт бойынша төлемдер жүзеге асырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде алушының атына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жауап хабарлама жібереді.

121. Жұмыс шартына сәйкес алушының аумағында жұмыстар орындалған (қызметтер көрсетілген) жағдайда жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) қабылдап алуды алушы шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

## **7-тарау. Уәкілетті ұйымның қорғаныстық тапсырысты орындауы**

122. Уәкілетті ұйым қорғаныстық тапсырысты қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт негізінде орындайды.

123. Алушымен немесе уәкілетті органмен қорғаныстық тапсырысты орындауға шарт жасасқаннан кейін уәкілетті ұйым шетелдік өндірушілер арасында қорғаныстық тапсырысты орналастыру жөніндегі рәсімді бастайды.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

124. Уәкілетті ұйым қорғаныстық тапсырысты орналастыруды:

- 1) тікелей шарт (келісімшарт) жасасу арқылы;
- 2) баға ұсыныстарына сұрау салу арқылы жүзеге асырады.

125. Тікелей шарт (келісімшарт) жасасу арқылы қорғаныстық тапсырысты орналастыру:

1) егер сатып алынатын өнімді жалғыз шетелдік өндіруші өндірсе;

2) егер уәкілетті органмен немесе қорғаныстық тапсырысты алушымен жасалған шарттың техникалық ерекшелігі нақты атауды, тауар белгілерін немесе сатып алынатын өнімнің белгілі бір шетелдік өндірушіге тиесілілігін көрсететін кез келген басқа ақпаратты қамтыса;

3) қорғаныстық тапсырыс өнімі Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар шеңберінде сатып алынған жағдайда жүзеге асырылады.

126. Осы Қағидалардың 125-тармағында көзделген жағдайларда уәкілетті орган мен орындаушы арасында шарттар (келісімшарттар) жасасу рәсімдері уәкілетті органмен немесе алушымен шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

127. Осы Қағидалардың 125-тармағында көзделмеген қалған барлық жағдайларда уәкілетті ұйымның қорғаныстық тапсырысты орналастыруы баға ұсыныстарына сұрау салу жолымен жүзеге асырылады.

128. Баға ұсыныстарына сұрау салу нарықты және бағаларды мониторингтеу нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым айқындаған шетелдік өндірушілердің және/немесе олардың ресми өкілдерінің атына жіберіледі.

129. Шет мемлекеттің заңнамасында қорғаныстық тапсырыс өніміне қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті арнайы ұйым айқындалған жағдайда уәкілетті ұйым сұрау салуды осы ұйымның атына жібере алады.

130. Нарық пен баға мониторингін уәкілетті ұйым ҚӘТ көрмелеріне бару арқылы БАҚ-тағы, интернет-ресурстардағы, фирмалық каталогтардағы жарнамалық материалдарды зерделеу арқылы тұрақты негізде жүзеге асырады.

131. Орындаушыны таңдау мақсатында уәкілетті ұйым уәкілетті органмен және/немесе қорғаныстық тапсырысты алушымен шарт жасасқан күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қызмет бейіні қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келетін шетелдік өндірушілердің және/немесе олардың ресми өкілдерінің атына баға ұсыныстарына сұрау салу жібереді.

132. Уәкілетті ұйымның сұрау салуы мынадай мәліметтерді:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын және оларға техникалық тапсырманы;

2) тауар санын, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемін;

- 3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орнын;
- 4) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілген мерзімін;
- 5) берілетін тауарларға (өнімге), орындалатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге талап етілетін кепілдік мерзімін;
- 6) ілеспе көрсетілетін қызметтер тізбесін;
- 7) төлеу шарттарын, соның ішінде аванстық төлем көлемін;
- 8) әскери және арнайы киім нысаны, айырым белгілері және жеке қорғану құралдары сатып алынған жағдайда тәжірибелік үлгілерді ұсыну қажеттігі туралы талапты;
- 9) өнім сапасының техникалық тапсырма талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы талапты;
- 10) баға ұсыныстарын ұсыну мерзімдерінің басталуы мен аяқталуы туралы мәліметтерді қамтиды.

133. Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі он бес жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

134. Шетелдік өндірушілердің немесе олардың ресми өкілдерінің сұрау салуда көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен, сондай-ақ уәкілетті ұйымның тиісті сұрау салуынсыз келіп түскен баға ұсыныстары қаралмайды.

135. Уәкілетті ұйымның сұрау салуында тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына нұсқаулар, сондай-ақ өнімнің тиісті өндірушіге (орындаушыға) тиесілігін айқындайтын өзге де ақпарат болуы мүмкін.

Сұрау салуға қорғаныстық тапсырысты алушымен немесе уәкілетті органмен жасалған қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа техникалық ерекшелік қоса беріледі.

136. Уәкілетті ұйымның сұрау салуына жауап ретінде шетелдік өндірушілер және/немесе олардың ресми өкілдері қорғаныстық тапсырысты орындау мерзімдері және қорғаныстық тапсырысты орындаудың өзге де талаптары туралы мәліметтерді қамтитын бір ғана баға ұсынысын ұсынады.

137. Шетелдік өндірушілердің және/немесе олардың ресми өкілдерінің баға ұсынысын ұсынуы олардың уәкілетті ұйымның сұрау салуында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптар мен шарттарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді жүзеге асыруға, жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге келісім білдіру нысаны болып табылады.

138. Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімдері өткеннен кейін уәкілетті ұйым бес жұмыс күні ішінде баға ұсыныстарын салыстырады және қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдауды жүзеге асырады.

139. Уәкілетті ұйымның қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдауы мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) өнімнің шартқа техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкестігі;
- 2) шетелдік өндіруші және/немесе оның ресми өкілі талаптарының (беру мерзімі, кепілдік мерзімі, аванстық төлем мөлшері, ілеспе қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) және т.б.) сұрау салудың және шарттың талаптарына сәйкестігі;
- 3) шетелдік өндірушінің және/немесе оның ресми өкілінің баға ұсынысының уәкілетті ұйым үшін рентабельділік ескеріле отырып бөлінген сомаға сәйкестігі;
- 4) қорғаныстық тапсырысты тиісінше орындау үшін шетелдік өндірушілердің ресми өкілдерінде өздерінің қаржы және еңбек ресурстарының болуы.

140. Егер шетелдік өндірушілердің және/немесе оның ресми өкілдерінің баға ұсыныстарының бәрі осы Қағидалардың 139-тармағында көрсетілген тең өлшемшарттарға сай келген жағдайда, ең төмен баға ұсынысын ұсынған шетелдік өндіруші және/немесе оның ресми өкілі орындаушы деп танылады.

141. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше шетелдік өндіруші (олардың ресми өкілдері) ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдауды мынадай қосымша өлшемшарттар бойынша жүзеге асырады:

- 1) сатып алынатын өнім нарығында оң жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) шарттар (жеткізу мерзімі, кепілдік мерзімі, технологиялық шешімдер, пайдаланылатын материалдар, аванстық төлем мөлшері, ілеспе қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) және т.б.) қалған әлеуетті орындаушылардың шарттарымен салыстырғанда ең жақсы болып табылады.

142. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде сұрау салу талаптарына сәйкес келетін бір ғана баға ұсынысы ұсынылса, уәкілетті ұйым осы баға ұсынысын ұсынған әлеуетті орындаушымен қорғаныстық тапсырысты орындауға шарт жасасады.

143. Әлеуетті орындаушының баға ұсынысы мынадай жағдайларда:

- 1) егер баға ұсынысы уәкілетті ұйымның рентабельділігін ескере отырып қорғаныстық тапсырыста көзделген сомадан асып кетсе;
- 2) егер әлеуетті орындаушының ұсынысы сұрау салу талаптарына сәйкес келмесе, қайтаруға жатады.

144. Баға ұсыныстарын салыстыру нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым орындаушыны таңдайды және онымен қорғаныстық тапсырысты орындауға келісімшарт жасасады.

145. Уәкілетті ұйым мен баға ұсынысына сұрау салу арқылы айқындалған орындаушылар арасында келісімшарт жасасу жөніндегі рәсім уәкілетті органмен немесе қорғаныстық тапсырысты алушымен шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

**Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

146. Осы Қағидалардың 145-тармағында көзделген мерзімде шарт жасасу мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті ұйым уәкілетті органның және/немесе қорғаныстық тапсырысты алушының мекенжайына келісімшарт жасасудың кідіруінің себептері және болжамды мерзімдері туралы хабарлама жібереді.

147. Уәкілетті ұйымның хабарламасы негізінде уәкілетті орган және/немесе қорғаныстық тапсырысты алушы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті ұйым мен орындаушы арасындағы келісімшарт жасасу мерзімдерін ұзарту;

2) шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы шартқа техникалық ерекшелікті қайта қарау және уәкілетті ұйым мен орындаушы арасындағы шарт жасасу мерзімін ұзарту;

3) қорғаныстық тапсырыстан тиісті қорғаныстық тапсырыс өнімін алып тастау.

147-1. Егер қорғаныстық тапсырысты орындау нәтижесі бойынша қорғаныстық тапсырыс өнімінің нақты құны қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта белгіленгеннен төмен болса, уәкілетті ұйым немесе алушы мен уәкілетті орган қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа бағаны төмендету бөлігінде өзгерістер енгізеді.

Уәкілетті ұйым қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа қорғаныстық тапсырыс өнімінің бағасын төмендету бөлігінде өзгерістер енгізу және баға айырмасын қайтару мүмкін болмаса, үнемделген қаражатты республикалық бюджетке ағымдағы қаржы жылынан кейінгі жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей қайтарады.

**Ескерту. 7-тарау 147-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **8-тарау. Рекламация жөніндегі комиссияның жұмыс тәртібі**

148. Алушы қорғаныстық тапсырыс өнімінің жұмысқа қабілетсіздігінің және/немесе жарамсыздығының себептерін анықтау мақсатында алушының, орындаушының өкілдері мен әскери өкілдер (бар болса) қатысатын бірлескен комиссия (бұдан әрі – рекламация жөніндегі комиссия) құрады.

**Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

149. Рекламация жөніндегі комиссия:

1) бұйымды пайдалану кезінде пайдалану құжаттамасы талаптарының орындалуын (жұмыс режимі, қолданылатын жанар-жағармай материалдары, тексерулердің,

регламенттік жұмыстардың уақтылы орындалуы және пайдалану құжаттамасының өзге де талаптары), формуляр мен паспортты жүргізу тәртібін тексереді;

2) егер бюллетеньдер шығарылған болса, олар бойынша пайдалану құжаттамасына (оның ішінде формуляр немесе паспорт) пысықтау жүргізілген-жүргізілмегенін, оларға өзгерістер енгізілген-енгізілмегенін анықтайды;

3) ақаудың сыртқы көрінісін анықтайды және істен шыққан жинақтаушы бұйымдарды анықтайды;

4) қорғаныстық тапсырыс өнімі ақауының сипатын және қажет болған жағдайда жинақтаушы бұйымның ақауын (өндірістік, конструктивтік, пайдалану), сондай-ақ оның туындау себептерін анықтау үшін зерттеулер жүргізеді;

5) қажет болған жағдайда, егер оны алушының аумағында бір жақты айқындау мүмкін болмаса, ақаулардың нақты себептері мен сипатын анықтау үшін қорғаныстық тапсырыс өнімдерін одан әрі зерттеу тәртібін айқындайды;

6) бұйымды тікелей алушының аумағында қалпына келтіру мүмкіндігін немесе орындаушының аумағындағы ақауларды жоюды (қорғаныстық тапсырыс өнімдерін жөндеуді) жүргізу қажеттігін анықтайды.

150. Қорғаныстық тапсырыс өнімдерін қарау нәтижелері бойынша рекламация жөніндегі комиссия рекламацияны қарау жөнінде қорытынды жасайды.

Рекламация жөніндегі комиссияның қорытындысы алушы мен орындаушы үшін міндетті болып табылады.

151. Қорғаныстық тапсырыс өнімін қарап-тексеру нәтижесі бойынша өнімнің орындаушының кінәсінен істен шыққандығы және/немесе жарамсыз екендігі анықталған жағдайда, сондай-ақ рекламацияны алушының аумағында қанағаттандыру мүмкін болған жағдайда немесе ақауды жою (өнімді жөндеу) үшін қорғаныстық тапсырыс өнімін алушы аумағының шегінен тыс жерге әкету қажет болғанда не ақаулы тапсырыстың орнына қорғаныстық тапсырыстың жаңа өнімін тиеп жөнелту қажет болған жағдайда орындаушы рекламация жөніндегі комиссияның қорытындысына қол қойылған сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде ақауды зауыттық жағдайда жояды (өнімді жөндейді) немесе қорғаныстық тапсырыстың жаңа өнімін тиеп жөнелтеді.

**Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

152. Ақауларды жою (өнімді жөндеу) үшін қорғаныстық тапсырыс өнімін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету не ақауларды жою (өнімді жөндеу) үшін қажетті жиынтықтаушы бөлшектерді сатып алуды жүзеге асыру қажет болған жағдайда орындаушы ақауларды зауыттық жағдайларда жояды (өнімді жөндеуді жүргізеді) не рекламация жөніндегі комиссияның қорытындысына қол қойылған кезден бастап бір жүз жиырма жұмыс күні ішінде қорғаныстық тапсырыстың жаңа өнімін жеткізеді.

153. Рекламацияны қанағаттандыру мерзімдерін бұзғаны үшін орындаушыға қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта белгіленгендей жауаптылық жүктеледі.

## 9-тарау. Қорытынды ережелер

154. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қаражат алушыда болғанда алушы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей уәкілетті органға қорғаныстық тапсырыс іс-шараларының орындалуы, сондай-ақ қорғаныстық тапсырысты орындау кезінде мерзімдердің бұзылуы туралы есепті және жыл сайын 25 наурыздан кешіктірмей уәкілетті органға қорғаныстық тапсырыстың орындалуы туралы, сондай-ақ қорғаныстық тапсырыс тапсырмаларының орындалмауының барлық фактілері туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылдық есептерді ұсынады.

155. Уәкілетті орган жыл сайын 15 сәуірден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуы туралы, сондай-ақ қорғаныстық тапсырыс тапсырмаларының орындалмауының барлық фактілері туралы жылдық есепті ұсынады.

156. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

157. Уәкілетті органның 2020 жылғы 28 тамыздағы № 448-қбпү бұйрығымен бекітілген бұрын қолданыста болған тізілім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жаңа тізілім бекітілгеннен сәттен бастап өз күшін жояды.

158. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган, алушылар және арнаулы мемлекеттік органдар мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау жөніндегі құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл процестерін регламенттейтін (нақтылайтын) ішкі ведомстволық құжаттарды әзірлейді.

Мемлекеттік қорғаныстық  
тапсырысты қалыптастыру,  
орналастыру және орындау  
қағидаларына  
1-қосымша  
Күпия (толтырылған соң)  
Бекітемін

---

(алушының бірінші басшысы  
немесе өтінімге қол  
коюға уәкілетті адам)

**Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс құрамына кіретін әскери мақсаттағы тауарларды ( өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алуға 20 \_\_\_ - 20 \_\_\_**

**жылдарға арналған өтінім \_\_\_\_\_**  
**(мемлекеттік тапсырыс беруші)**

Р/с №	Қорғаныстық тапсырыс өнімі	Өлшем бірлігі	Саны	Болжамды құны, мың теңге	Орындау мерзімі	Орындаушы
1	2	3	4	5	6	7

**1-бөлім**

Қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, арнайы құралдарды, оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру (құрастыру), беру, жаңғырту.

---

---

Жиыны

**2-бөлім**

Қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы жөндеу, оларға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсету, техникалық қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау.

---

---

Жиыны

**3-бөлім**

Техникалық құралдарды әзірлеу, жаңғырту, өндіру (құрастыру), беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау.

---

---

Жиыны

**4-бөлім**

Пайдаланылмайтын қару-жарақты, әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу.

---

---

Жиыны

**5-бөлім**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын өндіру.

---

---

Жиыны

**6-бөлім**

Ғылыми зерттеулер;

---

---

Жиыны

**7-бөлім**

Қорғаныс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, оларды салу және күрделі жөндеу.

---

---

Жиыны

**8-бөлім**

Қаптаманы өндіру, әзірлеу және беру

---

---

Жиыны

**9-бөлім**

Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы ) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру.

---

---

Жиыны

**10-бөлім**

Қорғаныс мақсаттарында ғарыш жүйелері мен ғарыш объектілерін әзірлеу, жаңғырту, өндіру, беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау, техникалық пайдалану және кәдеге жарату.

---

---

Жиыны

**11-бөлім**

Қорғаныс мақсаттарында ғарыштық және спутниктік навигациялық көрсетілетін қызметтер.

---

---

Жиыны

**12-бөлім**



1	2	3	4	5	6	7

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты  
қалыптастыру, орналастыру және  
орындау қағидаларына  
2-қосымша  
Құпия (толтырылған соң)  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
20 жылғы  
№ қаулысымен  
бекітілген

20\_\_-20\_\_ жылдарға арналған мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (мемлекеттік тапсырыс беруші)

Р/с №	Қорғаныстық тапсырыс өнімі	Өлшем бірлігі	Саны	Болжамды құны, мың теңге	Орындау мерзімі	Орындаушы
1	2	3	4	5	6	7

**1-бөлім**

Қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, арнайы құралдарды, оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру (құрастыру), беру, жаңғырту.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жиыны

**2-бөлім**

Қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы жөндеу, оларға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсету, техникалық қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жиыны

**3-бөлім**

Техникалық құралдарды әзірлеу, жаңғырту, өндіру (құрастыру), беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жиыны

**4-бөлім**

Пайдаланылмайтын қару-жарақты, әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу.

---

---

Жиыны

**5-бөлім**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын өндіру.

---

---

Жиыны

**6-бөлім**

Ғылыми зерттеулер.

---

---

Жиыны

**7-бөлім**

Қорғаныс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, оларды салу және күрделі жөндеу.

---

---

Жиыны

**8-бөлім**

Қаптаманы өндіру, әзірлеу және беру.

---

---

Жиыны

**9-бөлім**

Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы ) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру.

---

---

Жиыны

**10-бөлім**

Қорғаныс мақсаттарында ғарыш жүйелері мен ғарыш объектілерін әзірлеу, жаңғырту, өндіру, беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және

қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау, техникалық пайдалану және кәдеге жарату.

---

---

Жиыны

### 11-бөлім

Қорғаныс мақсаттарында ғарыштық және спутниктік навигациялық көрсетілетін қызметтер.

---

---

Жиыны

### 12-бөлім

Автоматтандырылған басқару жүйелері кешендерін, сондай-ақ оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру, беру, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу, жаңғырту, техникалық қолдап отыру.

---

---

Жиыны

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына  
2-1-қосымша

Ескерту. Қағидалар 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.11.2023 № 1044 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### Орындаушыны таңдау хаттамасы

\_\_\_\_\_ қ. 202\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мына құрамдағы комиссия: \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_ №\_\_\_ бұйрықпен тағайындалған

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), лауазымы көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ орындаушыны таңдады.

Күн тәртібі:

1) \_\_\_\_\_ мұқтажы үшін \_\_\_\_\_ жеткізу бойынша әлеуетті орындаушылардың (бұдан әрі – әлеуетті орындаушы) өтінімдерін қарау;

2) \_\_\_\_\_ жеткізу бойынша болжамды орындаушыны айқындау.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 759 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жеткізу жөніндегі мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс өтінімін қалыптастыру үшін мынадай әлеуетті орындаушыларға:

P/c №	Әлеуетті орындаушының атауы	Әлеуетті орындаушының мекенжайы
-------	-----------------------------	---------------------------------

202\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ хат (сұрау салу) жіберілді.

2. \_\_\_\_\_ жеткізу бойынша құжаттар мен үлгілерді (заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын сатып алу кезінде) белгіленген мерзімде мынадай әлеуетті орындаушылар ұсынады:

P/c №	Әлеуетті орындаушының атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)	Деректемелер	Құжат нөмірі	Үлгілерді алу күні мен уақыты
-------	-----------------------------	---	--------------	--------------	-------------------------------

\_\_\_\_\_ сұрау салуға жауап белгіленген мерзімде ұсынылған жоқ.

(әлеуетті орындаушы (орындаушылар) атауы)

3. Әлеуетті орындаушылар тауардың мынадай құжаттары мен үлгілерін (заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын сатып алу кезінде) ұсынды:

		Ұсынылған құжаттар тізбесі							
		мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалатын қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпарат							

Р/с №	Әлеуетті орындаушының атауы	Қорғаныстық тапсырыс өнімінің атауы	заңды тұлғаның филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік есепке алу) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігіннің көшірмесі не бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, мемлекеттік есепке алу) туралы анықтама көшірмесі	" Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті түрде лицензиялауға жататын қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға құқық беретін лицензия және /немесе www.elisense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталына лицензия көшірмесі	қа жататын мәліметтерді қорғау мақсатында пайдаланылатын өнімді, мәліметтері мемлекеттік құпияны (құпияларды) құрайтын өнімді қоспағанда, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ікті міндетті растау рәсіміне жататын өнімді өндірушілер үшін – өнімнің техникалық регламенттері	ғылыми зерттеуді жүзеге асыру бөлігінде қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын салықтық берешектің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болмауы туралы куәландыратын құжат	қаржылық аудит	Баға белгілеу қағидаларына сәйкес жоспарлы калькуляция	үлгілер (заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану
-------	-----------------------------	-------------------------------------	--	---	---	---	----------------	--	---

				нтте, стандар т ережел ерінде белгіле нген талапта рға сәйкест ігін куәланд ыратын , сериял ық шығар ылатын өнімге сәйкест ік сертиф икаты немесе сериял ық шығар ылатын өнімге сәйкест ік туралы деклара ция	куәланд ыратын күжат			күралда рын)
--	--	--	--	--	----------------------------	--	--	-----------------

4. \_\_\_\_\_ өтінімдері қабылданбады.

(әлеуетті орындаушы (орындаушылар) атауы)

5. Сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін қорғаныстық тапсырыс өнімін ұсынған \_\_\_\_\_ өтінім қарауға жіберілді.

(әлеуетті орындаушы (орындаушылар) атауы)

6. Қарауға жіберілген әлеуетті орындаушылар бағасы:

P/c №	Мүлік атауы	Болжамды баға (теңге)	Әлеуетті орындаушылар ұсынған баға (теңге)		

Мынадай шешім қабылданды:

1. Қағидалардың \_\_\_\_\_-тармағына сәйкес сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін қорғаныстық тапсырыс өнімін ұсынған \_\_\_\_\_ жеткізу бойынша болжамды орындаушы болып айқындалсын.

2. \_\_\_\_\_ мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыруға, орналастыруға және орындауға өтінім дайындасын.

Осы шешімге дауыс берді:

Жақтап – \_\_\_\_\_ дауыс;

Қарсы – \_\_\_\_\_ дауыс.

Қосымша:

Осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес үлгілерді қабылдауды есепке алу журналы (заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын сатып алу кезінде) \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ парақта.

Комиссия құрамы:

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына 3-қосымша Қызмет бабында пайдалану үшін (толтырылған соң)

**Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) отандық өндірушілердің және әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің тізілімі**

Р/с №	Заңды тұлғаның атауы	Тіркелген жері	Өндіру/ қызмет көрсету орны	Қызмет бағыты	Тізілімге енгізу туралы бұйрықтың күні мен нөмірі	Тізілімнен алып тастау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі
1	2	3	4		5	6
		1-бөлім				

1	Қару-жаракты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, арнайы құралдарды, оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру (құрастыру), беру, жаңғырту.
2	2-бөлім Қару-жаракты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы жөндеу, оларға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсету, техникалық қолдап отыру, техникалық қуәландыру және диагностикалау.
3	3-бөлім Техникалық құралдарды әзірлеу, жаңғырту, өндіру (құрастыру), беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық қуәландыру және диагностикалау.
4	4-бөлім Пайдаланылмайтын қару-жаракты, әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу.
5	5-бөлім Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын өндіру.
6	6-бөлім Ғылыми зерттеулер.
7	7-бөлім Қорғаныс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, оларды салу және күрделі жөндеу.
8	8-бөлім Қаптаманы өндіру, әзірлеу және беру.
9	9-бөлім Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру.
10	10-бөлім Қорғаныс мақсаттарында ғарыш жүйелері мен ғарыш объектілерін әзірлеу, жаңғырту, өндіру, беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық қуәландыру және диагностикалау, техникалық пайдалану және кәдеге жарату.
11	11-бөлім Қорғаныс мақсаттарында ғарыштық және спутниктік навигациялық көрсетілетін қызметтер.
12	12-бөлім Автоматтандырылған басқару жүйелері кешендерін, сондай-ақ оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру, беру, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу, жаңғырту, техникалық қолдап отыру.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты  
қалыптастыру, орналастыру және  
орындау қағидаларына  
4-қосымша

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарларын (өнімін), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларын (өнімін) отандық өндірушілер және әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер тізіліміне енгізу туралы өтінім

Кімнен \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_ бағыты бойынша

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

- 1) ұйымдық-құқықтық нысаны \_\_\_\_\_;
- 2) бірінші басшының Т.А.Ә. және байланыс телефондары \_\_\_\_\_;
- 3) заңды мекенжайы \_\_\_\_\_;
- 4) өндірістің мекенжайы \_\_\_\_\_;
- 5) электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_;
- 6) БСН \_\_\_\_\_;
- 7) банк деректемелері \_\_\_\_\_;

Өтінімге қоса берілетін құжаттар:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_;

(заңды тұлғаның атауы және басшының немесе сенімхат негізінде (сенімхат нөмірі және берілген күні) әрекет ететін заңды тұлға өкілінің Т.А.Ә.)

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О. (бар болса)

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты  
қалыптастыру, орналастыру және  
орындау қағидаларына  
5-қосымша  
Құпия (толтырылған соң)

### Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуы туралы есеп

Р/с №	Шарттың күні және №	Шарттың мәні (қорғаныстық тапсырыстың сөнімінің атауы)	Өлшем бірлігі	Саны	Шарттың жалпы сомасы, теңге	20 __ жылғы сома	20 __ жылғы сома	20 __ жылғы сома	Орындау мерзімі	Орындаушы	Ескертпе

### Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалмау фактілері туралы есеп

\_\_\_\_\_

Р/с №	Шарттың күні және №	Шарттың мәні (қорғанысты өлшемі бірлігі)	Өлшем бірлігі	Саны	Шарттың жалпы сомасы, теңге	20 жылғы сома	20 жылғы сома	20 жылғы сома	Іс жүзіндегі	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалмау себептері (негіздемелер)	Орындалмау фактісі бойынша қабылданған шаралар
игерілген	игерілмеген												

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2019 жылғы 14 қазандағы  
 № 759 қаулысына  
 қосымша

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2219 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 3, 21-құжат).

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2219 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 1423 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 79, 1153-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2219 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 777 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 43, 640-құжат).

4. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторларды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 682 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 53, 339-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8

қарашадағы № 724 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 58, 361-құжат).

6. "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторлардың отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер тізіліміне енгізілген ұйымдар арасынан мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды тандауды жүзеге асыруы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 788 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 64-65, 387-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК